



**ШЕШІМ**

14.12.2022

Астана қаласы

**РЕШЕНИЕ**

289/36-VII

№

город Астана

«Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің  
жанындағы ипотекалық тұрғын үй  
қарызын (ипотекалық қарызды) қайта  
қаржыландырудан бас тартылған қарыз  
алушылардың шағымдарын қарау  
жөніндегі комиссиясының құрамы туралы»  
Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының  
2022 жылғы 25 мамырдағы №187/25-VII  
шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Астана қаласы әкімінің ұсынысын қарап, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабын басшылыққа ала отырып, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

«Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы ипотекалық тұрғын үй қарызын (ипотекалық қарызды) қайта қаржыландырудан бас тартылған қарыз алушылардың шағымдарын қарау жөніндегі комиссиясының құрамы туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2022 жылғы 25 мамырдағы №187/25-VII шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Астана қаласы әкімдігінің жанындағы ипотекалық тұрғын үй қарызын (ипотекалық қарызды) қайта қаржыландырудан бас тартылған қарыз алушылардың шағымдарын қарау жөніндегі комиссиясының құрамы туралы»;

жоғарыда көрсетілген шешімнің қосымшасында:

тақырыпта және бүкіл мәтін бойынша «Нұр-Сұлтан» деген сөз «Астана» деген сөзбен ауыстырылсын.

Астана қаласы  
мәслихатының хатшысы

Е. Каналимов